



# QARAJANBAS

№11 ҚАРАША 2025

«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ



## Қаражанбасмұнай биылғы 10 айда 1,7 млн тонна мұнай өндірді

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов Маңғыстау облысына жұмыс сапары барысында «Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) қызметінің мәселелеріне қатысты өндірістік жиын өткізді.

Биылғы 10 айда мұнай өндіру көлемі 1 млн 760 мың тоннаны құрады. Қаражанбас кен орны мұнайының тұтқырлығы жоғары әрі шайырлы, құрамында күкіртті қосылыстардың көп болуымен ерекшеленеді. Өндірудің тұрақты деңгейін ұстап тұру үшін ҚБМ бу-жылу арқылы әсер ету әдістерін қолданады. Қазіргі уақытта бу мен суды айдау процесі оңтайландырылуда, сондай-ақ бу генераторларының тиімділік коэффициентін арттыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Стратегиялық басымдық — ресурстық қорды толықтыру. Кен орынның жағалаудағы аймағында сейсмикалық барлау жұмыстары аяқталды. Жаңа қорды растауға және кен орынды пайдалану циклін ұзартуға мүмкіндік беретін бағалау ұңғымаларын бұрғылау жоспарлануда.

ҚМГ басшысы мұнай өндіру деңгейін қатаң бақылауда ұстау, өндірістік процестерге заманауи цифрлық шешімдерді енгізуді жеделдету және қызметкерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсартуды қамтамасыз ету жөнінде тапсырмалар берді.



### БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР:

#### ҚАРА АЛТЫН ӨНДІРІСІ БҰРҒЫЛАУ АЛАҒЫНАН БАСТАЛАДЫ

Бұрғылау – мұнай өндірісі саланың ең маңызды әрі бастапқы кезеңі. Онсыз жаңа кен орнын ашу, бар қорды толық пайдалану, өндіріс тұрақтылығын сақтау мүмкін емес.

#### БҰРҒЫШЫ ЕҢБЕГІ – ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ

2-3»

#### ҚАРАЖАНБАС МҰНАЙШЫСЫ – ТӨРТ ДҮРКІН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

#### ҚБМ ГЕОЛОГІ ЖАПОНИЯДА БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРДЫ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның «Алып» ысыпарсыз көзқарас жобасында үздіктер қатарынан көрінген «Қаражанбасмұнай» АҚ №1 мұнай өндіру цехының геологі Жәнібек Жұбаназаров Жапонияда білімін шыңдады.

4»

#### ҚАРАЖАНБАСТАҒЫ «ДУБЛЕР КҮНІ» ЖОБАСЫ

#### МАҢҒЫСТАУЛЫҚ ОҚЫТУШЫЛАР ҚАРАЖАНБАСТА ТАҒЫЛЫМДАМАН ӨТЕДІ

5»

#### ӨҢІРДЕГІ ДІНИ АХУАЛ: МҰНАЙШЫЛАР-МЕН АШЫҚ ДИАЛОГ

Қаражанбас кен орнында Маңғыстау облысының Дін істері басқармасының «Өңірдің діни ахуалын зерттеу» жобасы аясында мұнайшылармен кездесу өтті.

#### ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ТҰМАР ЕТКЕН ЕҢБЕК АДАМЫ

#### ҚАРАЖАНБАС – БІЛІКТІ МАМАНДАР ҰСТАХАНАСЫ

#### ҚБМ ФУТБОЛШЫЛАРЫ КҮЗГІ БІРІНШЛІКТЕ КҮМІС ЖҮЛДЕ АЛДЫ

«Қаражанбасмұнай» АҚ орталық аппарат қызметкерлері экологиялық мәдениетті арттыру және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған облыстық «Таза жағалау» экоакциясына қатысып, кәрі Каспий жағалауын күл-қоқыстан тазартты.

#### ҚАУПСІЗДІК БӘРІНЕ ОРТАҚ

6»

#### КАДР МАМАНЫ ҚҰРМЕТТІ ДЕМАЛЫСҚА ШЫҚТЫ

7»

8»

## Қара алтын өндірісі бұрғылау алаңынан басталады

Бұрғылау – мұнай өндірісі саланың ең маңызды әрі бастапқы кезеңі. Онсыз жаңа кен орнын ашу, бар қорды толық пайдалану, өндіріс тұрақтылығын сақтау мүмкін емес.

Қарашаның үшінші сенбісінде елімізде бұрғышы күні аталып өтеді. Кәсіби мереке қарсаңында «Қаражанбасмұнай» АҚ-ның бұрғылау және ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу департаментіне қарасты бұрғылау бригадасының жұмысына

тоқталып, өндірісті өрге өрлетуге сүбелі үлес қосып келе жатқан ұжым қызметкерлерімен таныстыруды жөн санадық.

Бұрғылау бригадасында 12 жұмысшы бар. Олар жылына тереңдігі 500 метрге дейінгі 40-тан астам жаңа ұңғыма қазады. Геологтар зерттеуінің нәтижесінде белгіленген орында бұрғышылар тік, еңіс және зерттеу ұңғымаларын қазу жұмысын 5-7 күн ішінде ішінде орындайды.



Ғалымжан Көптілеуов

Ғалымжан Көптілеуов – бұрғылау ісіне өмірінің 23 жылын арнаған маман. Ақтаудағы Ш.Есенов атындағы университетті тәмамдаған соң, Қаражанбастағы еңбек жолын бұрғышы көмекшісі болып бастады. Өндірісте мол тәжірибе жинаған жұмысшы соңғы 5 жыл көлемінде бригада шебері қызметін атқарып келеді. Бұрғылаудың әр сәті білікті маманның жіті қадағалауында.



Андрей Бобровский

Бригаданың ардагері атанған жұмысшының бірі – бұрғышы Андрей Бобровский. Ол Маңғыстау даласындағы бірнеше кен орнында еңбек еткен тәжірибелі маман. Бұрғылауға 33 жыл бұрын бет бұрған Андрей соңғы 23 жыл көлемінде Қаражанбаста табан аудармай жұмыс істеп келеді.

Келер жылы зейнет демалысына шығатын бұрғышы мәртебелі мамандығын – мақтаныш санайды.

Бұрғылау күндіз-түні үздіксіз жүретін процесс. Сондықтан мамандар қыстың аязы мен жаздың аптабына қарамастан еңбек етеді. Бір вахтада екі бригада күндізгі және түнгі ауысыммен жұмыс істейді. Олардың әрқайсысы қажарлы, шыдамды, жауапты, бастысы қауіпсіздік техникасын мұқият сақтап, өз қызметін адал атқарып келе жатқан жұмысшылар.



Амандық Ермағанбетов

Мұнда әр қызметкер маңызды рөл атқарады. Мысалы, Амандық Ермағанбетов – бұрғышының бірінші көмекшісі, яғни оның оң қолы саналады. Бұрғылау барысындағы барлық операцияға қатысатын маман жұмыстың сапалы, уақытылы жүруін бақылайды. Қызылорда облысының тумасы 2011 жылы қызмет бабымен Маңғыстауға қоныс аударған. Содан бері мұнайлы өлкенің қара алтынын игеруге елеулі үлес қосып келеді.

Әлімжан Көбесеитов пен Қайрат Тәңірбергенов еңбек жолын ұңғымаларды күрделі жөндеуден бастаған. Қазір

олар бұрғылау бригадасы құрамында 5-дәрежелі көмекші қызметін атқарады. Бірі қондырғының жоғары бөлігінде жұмыс істесе, енді бірі жабдықтарды дайындау және орнату, техникалық қызмет көрсету процестеріне жауапты.



Әлімжан Көбесеитов



Қайрат Тәңірбергенов

Ұйымшыл ұжымда әріптестер бір-бірімен тәжірибе алмасып, білікті мамандар жастарға білмегенін үйретіп, көрсетуден жалықпайды. Аға буынның ақылын тыңдап, шыңдалып келе жатқандар қатарында 4-дәрежелі бұрғышы көмекшілері Асылбек Бақытжанов пен Асылбек Сатыбалдиев, 3-дәрежелі көмекшілер Алаш Павиз бен Азамат Тілешов бар. Олар жаңа ұңғыма қазу кезінде құбырларды жалғап, жерге жіберу сияқты механикалық жұмыстарды атқарады.



Асылбек Бақытжанов



Асылбек Сатыбалдиев



Алаш Павиз



Азамат Тілешов



Қазифолла Шатбаев

Бригадада аталған мамандардан бөлек, маңызды қызмет атқаратын жұмысшылар да жоқ емес. Солардың бірі - Қазифолла Шатбаев. Қызметін 35 жыл бұрын Жетібай кен орнында бастаған. 2007 жылы Қаражанбасқа бұрғышы көмекшісі болып ауысып, қазір 4-дәрежелі машинист болып жұмыс істейді. Білікті маман қондырғылардың, сораптардың, үздіксіз жұмыс істеуін қатаң бақылауда ұстайды.



Нұрғазы Боранбаев



Аманқос Зайыров

Жұмыс барысында қондырғыны құру және демонтаж жасау, істен шыққан құрылғыларды жөндеу 5-дәрежелі слесарь-жөндеушілер Нұрғазы Боранбаев пен Аманқос Зайыровқа жүктелген. Өз ісінің қыр-сырын бес саусағындай

меңгерген олар әр тапсырманы ұқыпты орындауға барын салады. Нұрғазы Боранбаев бұрғылауға 30 жылын арнаған қызметкер. Аманқос та 15 жыл бұрын өндірісте жұмыс істеуді таңдаған маман.



Самат Есбосын

5-дәрежелі дәнекерлеуші Самат Есбосынды әріптестері «жедел жәрдем» деп атайды. Себебі ол бұрғылау кезінде сынған металдарды дәнекерлеп, құрылғыларды қатарға қайта қосады. Мұндағы жұмыс барысы Саматқа таңсық емес. 12 жыл бұрын қызметін бұрғышы көмекшісі болып бастаған маман, соңғы үш жылда жұмыс бағытын дәнекерлеуге бұрды.

Жігіттердің айтуынша бұрғылау физикалық күшті талап ететін нағыз ерлерге арналған жұмыс. Мұнда бет бұрған азаматтар қызметінің қиыны мен қызығын қатар өткеріп, өмірінің маңызды бөлшегіне айналдырған. Сондай-ақ бұрғылау процесін жетік меңгерген мамандар өндірістің кез-келген бағытында еркін жұмыс істей алатынын айтады.

ҚБМ-ның Бұрғылау және ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу департаменті атқарылған жұмыс нәтижесін әлі де арттырып, өндірісті өркендетуді мақсат етіп отыр. Келер жылы тереңдігі 900 метрге дейінгі бірнеше ұңғыма қазу жоспарда. Бұл бағытта кіші диаметрмен бұрғылау және ескі ұңғымаларды жаңғырту үшін жаңа әдістерді қолдану көзделген.

## Бұрғышы еңбегі – құрметке лайық



«Қаражанбасмұнай» АҚ Бұрғылау және ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу департаменті қызметкерлері бұрғышы күніне орай құрметке бөленді. Салтанатты марапаттау рәсімінде Өндірістік Басқарма басшылығы бұрғылау – мұнай-газ игерудің күре тамыры екенін және осы бағытта табанды еңбек етіп жүрген білікті мамандардың кәсіби шеберлігі мен жауапкершілігі компания дамуының басты факторларының бірі екенін атап өтті.

Кен орнында жаңа ұңғымалар қазу, өндіріс әлеуетін арттыру және жұмыс барысындағы қауіпсіздік пен сапаны қамтамасыз етуге өлшеусіз үлес қосып жүрген мамандар ҚР Энергетика министрлігінің «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалі, министрліктің Құрмет грамотасы, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының Құрмет грамотасына ие болды. Марапатталғандар өздеріне көрсетілген құрмет үшін алғыс айтып, бұл жеке жетістік емес, бұрғылау ісіне үлес қосып келе жатқан әріптестер еңбегінің ортақ жемісі екенін жеткізді.

«Бұрғылау - дәлдік пен тәртіпті, жоғары жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан жұмысымыздың қиындығы да, қызықты тұсы да көп. Біз Қаражанбастың дамуына сіңіріп келе жатқан еңбегімізді азаматтық борыш, әрі зор мәртебе санаймыз. Ұжымда білімді мамандар мен ауызбіршілік мықты болған сайын нәтижелерді еселей түсетініміз сөзсіз», - деді бұрғылау қондырғысының басшысы Абай Әсемғали.

Бұрғышы күні елімізде биыл үшінші рет аталып өтті. Бұл дата қара алтын игерудің бастапқы кезеңінде күні-түні еңбек ететін мамандар мәртебесін арттыра түседі. Мерекеге орай табысталған марапаттар жұмысшылардың мерейін өсіріп, қызметке тың серпін берді.



## Қаражанбас мұнайшысы – төрт дүркін әлем чемпионы




Сүйінші! «Қаражанбасмұнай» АҚ жұмысшысы төрт дүркін Әлем чемпионы атанды. №3 мұнай өндіру цехының операторы Нартай Алтыбаев Қытайдың Хайнин қаласында өткен кір тасын көтеру жарысында ерлер және ардагерлер арасында топ жарып, қос алтын медаль алды.

Байрақты бәсекеге әлемнің түкпір-түкпірінен ең мықты спортшылар жиналды. 73 келі салмақта өнер көрсеткен әріптесіміз 24 келілік кір тасын 10 минутта 213 рет көтерді. Бұл нәтижемен ол ерлер және 40-44 жастағы ардагерлер арасында үздік деп танылды. Өлке мұнайын игеруге атсалысып жүрген Нартай тек компаниямыздың емес, тұтас еліміздің абыройын асқақтатты.

«Әлем чемпионаты – ең ауқымды әрі кіл мықтылар сайысатын салмақты жарыс. Мұнда тұрақты жаттығу, техника және ерекше психологиялық дайындық қажет. Жарысқа барлығы жеңіс үшін келеді ғой. Бұл жолы да мақсатым айқын – жетістігімді жаңарту болды. Сеніммен үміт артқан жандарға мың алғыс!», – деді Әлем чемпионы.

Нартай Алтыбаев – Халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Ол негізгі қызметінен бөлек, жасөспірімдер мен әріптестерін кір тасын көтеруге баулып, талай чемпион шығарған бапкер. Спортты серік еткен мұнайшы әлі талай көк байрағымызды көкте желбіретуге ниетті.

## ҚБМ геологі Жапонияда біліктілігін арттырды



«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның «Алып» ысырапсыз көзқарас жобасында үздіктер қатарынан көрінген «Қаражанбасмұнай» АҚ №1 мұнай өндіру цехының геологі Жәнібек Жұбаназаров Жапонияда білімін шыңдады. Ол екі ай бойы Токио маңындағы Чиба қаласында орналасқан «Japan Oil, Gas and Metals National Corporation» (JOGMEC) оқу орталығында кәсіби мамандардан дәріс алып, тәжірибе жұмыстарына қатысты.

«Reservoir Engineering» тақырыбы бойынша өткен оқуға біздің жұмысшылармен бірге Катар, Оман, Әзірбайжан, Ирак, Папуа – Жаңа Гвинея, Таиланд, Вьетнам, Малайзия, Мозамбик, Индонезия және Жапонияның мұнайшы-геологтары, геофизиктер мен кен орындарын игеру мамандары жиналды. Олар геология, гидродинамика, геомеханика, кен орындарын модельдеу, жасанды көтермелеу және өндіру процестерін оңтайландыру сынды салаларда білім алып, тәжірибе алмасты. Оқу халықаралық деңгейдегі кәсіби байланысты дамытып қана қоймай, әрелдің

мұнай-газ саласындағы озық тәжірибесін тануға, мамандардың жеке тұлға ретінде дамуына мүмкіндік берді.

«Бұл оқуға мен «Алып» жобасының «Үздік инновациялық жаңалық» аталымында жеңімпаз атану арқылы жолдама алдым. Оқу кәсіби тұрғыдан баға жетпес тәжірибе болып, халықаралық деңгейде ой-өрісімді кеңейтті, жаңа идеяларға жол ашты. Бағдарлама аясында жапон тілі, мәдениеті және тарихымен таныстық. Жапонияның өзге қалаларына мәдени сапарлар ұйымдастырылды. Олардың еңбекқорлығы, ұқыптылығы мен технологиялық даму деңгейі ерекше әсер қалдырды», – дейді Жәнібек.

Оқу соңында Жәнібек шетелдік әріптестерімен бірге кен орындарын симуляциялау жобасын сәтті қорғады. Курс қатысушыларына JOGMEC ұйымының басшылығы арнайы сертификат табыс етті. Әріптесіміз шетелден алған білімі мен жинаған тәжірибесін жұмыс барысында кәдеге жаратып, кен орнын дамытуға айрықша үлес қосуға ниетті.



## Қаражанбастағы «Дублер күні» жобасы



Қаражанбас кен орнында цех басшылары лауазымдық міндеттерін тәжірибеден өтіп жүрген студенттерге тапсырды. «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында Персоналды оқыту және дамыту бөлімі өткізген «Дублёр күні» жобасына қатысушылар бір күн бойы қызмет ауыстырып, жұмыс барысын басқа қырынан көруге мүмкіндік алды.

Пайдалану жабдықтарын икемдеу-жөндеу цехының учаске басшысы Асылхан Сәлімгереев өзіне бекітілген ізбасары, Н.Бекбосынов атындағы Маңғыстау энергетикалық колледжінің студенті Берекет Ерсайынға қызметін толық таныстырып, тапсырмаларды үйлестіру жолдарын көрсетті. Басшы тәжірибеден өтушіге жұмыс орнындағы қауіпсіздік талаптары, ұжымдағы жұмысшылар міндеттері және учаске жұмысының маңызын жан-жақты түсіндірді.

Ал №2 мұнай өндіру цехының басшысы Самат Маханбетов тәжірибеден өтуші – Yessenov University студенті Әділбек Қанатбайға мұнай өндіру барысын қадағалап, жабдықтардың жұмысын бақылау тәртібін және өндіріс көрсеткіштерін талдау тәсілдерін тапсырды. Студент өндірістің жауапкершілігі жоғары тұстарымен танысып, цех басшысының қызметін лайықты атқаруға тырысты.

Өндірісті автоматтандыру цехының басшысы Ернұр Ізбасаров дублёрі энергетикалық колледж студенті Ақылбек Нұрбайға автоматтандыру жүйелерінің жұмыс принципін, технологиялық деректерді жинау және талдау процесін таныстырды. Сонымен бірге ол цифрлық шешімдердің өндіріс тиімділігі мен қауіпсіздігін арттырудағы рөлін түсіндіріп берді.

«Дублёр күні» жобасы Қаражанбас кен орнында тәжірибеден өтіп жатқан болашақ мамандардың өндіріске бейімделіп, дағдыларын дамытуға бағытталған. Ал цех басшылары үшін бұл – тәжірибе бөлісіп, жас буынды қолдауға зор мүмкіндік.



## Маңғыстаулық оқытушылар Қаражанбаста тағылымдамадан өтеді



«Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында Маңғыстау облысындағы бірнеше білім ошағының оқытушысы Қаражанбас кен орнында тағылымдамадан өтуге кірісті. Техникалық және инженерлік бағыттағы пәндерден сабақ беретін ұстаздар білікті мамандардан мұнай-газ өндіру, өңдеу, тасымалдау, электр энергетикасы, автомобильдерге техникалық қызмет көрсету, дәнекерлеу ісі бойынша білім алып, өндірісті автоматтандырудың заманауи технологияларымен танысады. Мақсат - өндіріске қажетті болашақ мамандарды дайындау кезінде теория мен тәжірибені тең ұстау.

«Қаражанбасмұнай» АҚ-мен жасалған ынтымақтастық туралы меморандум аясында Yessenov университеті мен колледжі, Түпқараған гуманитарлық-кәсіптік колледжі және

Н.Бекбосынов атындағы Маңғыстау энергетикалық колледжінің 10-нан астам оқытушысы алдымен қауіпсіздік ережелерімен танысып, оқу өтетін орындарды аралады. Оларды электр цехы, геология және барлау бөлімі, ғылыми-зерттеу және өндірістік жұмыстар цехы, өндірісті автоматтандыру цехы мен технологиялық көлік департаменті жұмысшылары үш күн бойы өндіріс тынысымен таныстырып, жұмыс процесін толық түсіндіреді.

Тағылымдамада геологиялық зерттеу, химиялық талдау, яғни сынама алу, мұнай, газ және қабат суларының құрамын бағалаудың зертханалық әдістеріне баса назар аударылады. Өз ісін жетік меңгерген қаражанбастықтар теория дәрістерін өткізіп жүрген профессорлар мен оқытушыларға өндірісті автоматтандыру, қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларының тәжірибеде қалай жүретінін көрсетеді. Оған қоса арнайы техникаға диагностика жасау және жөндеу, көліктерді кен орнында пайдалану ерекшеліктерін паш етеді.

ҚБМ соңғы 5 жыл көлемінде аталған оқу орындарымен тығыз әріптестік қарым-қатынаста жұмыс істеп келеді. Бұған дейін тәжірибеге бағытталған оқыту бағдарламасы аясында университет пен колледждердің жүздеген студенті кен орнында вахта әдісімен тәжірибеден өтіп, кәсіби дағдыларын нығайтып үлгерді. Енді ұстаздар да өндіріс алаңынан жинаған тәжірибесін болашақ мамандарға теориялық дәріс өткізу кезінде қолдана алады.

## Өңірдегі діни ахуал: мұнайшылармен ашық диалог



Қаражанбас кен орнында Маңғыстау облысының Дін істері басқармасының «Өңірдің діни ахуалын зерттеу» жобасы аясында мұнайшылармен кездесу өтті. Шара барысында дінтанушы Толғанай Мұстафина өңірдегі және ел көлеміндегі қазіргі діни ахуал, оның дамуы мен қоғамға әсері туралы мәлімет берді.

Кездесу барысында мемлекеттің дін саласындағы саясаты, зайырлы мемлекет қағидаттары талқыланды. Дін талаптарын орындау мен мемлекеттік мекемелерде, әсіресе, стратегиялық маңызы жоғары объектілерде дін және заң нормаларын үйлесімді сақтау мәселелеріне назар аударылды. Сонымен қатар, діни ақпарат алу дереккөздері мен олардың сапасы туралы пайдаланушылардың, сыни сараптау дағдылары сөз етілді.

Қаражанбастықтар көкейкесті мәселелер де көтеріп, дін саласындағы мемлекеттік саясатқа қатысты, әсіресе радикалды дін ағымдарына қатысты қатаң шаралар қабылдауға ұсыныс білдірді. Кездесу барысында талқыланған тақырып пен ұсыныстар дін саласындағы сұрақтардың өзектілігін айқындай түсті.



## Қауіпсіздік бәріне ортақ



«Қаражанбасмұнай» АҚ-ның орталық аппаратында эвакуация бойынша оқу дабылы өтті. Оқу-жаттығу сценарийі бойынша, ғимараттың 8 қабатында орналасқан кабинеттердің бірінен түтін шықты. Өткізілген іс-шара арқылы кеңсе қызметкерлерінің төтенше жағдайлар кезінде іс-әрекет ету дайындығы мен эвакуация тәртібін сақтау деңгейі тексерілді.

Түтін шыққан мезетте ең алдымен дабыл қағылды. Қызметкерлер бекітілген эвакуация жоспарына сәйкес, дереу баспалдақ арқылы төмен түсіп, сыртқа шықты. Оқу дабылы жаттығуына жауапты мамандар барлық кабинетті толық тексерді. Нәтижесінде 8 минут ішінде 384 адам ғимаратты босатып, жиналу орнына бағыт алды.

Нәтижесінде өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес, бірнеше пункт бойынша кемшіліктер анықталды. Мамандар шараға қатысқан қызметкерлер мен әр қабатқа жауапты тұлғаларға түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



## Тұрақтылықты тұмар еткен еңбек адамы



Қаражанбастың жарты ғасырдан астам тарихы үздіксіз өндірісте өз қолтаңбасын қалдырған еңбек адамдарының, адал да нәтижелі қызметімен өріліп келеді. Сондықтан өлкенің қара алтынын игеруді өмірлік миссия етіп таңдаған мұнайшылар әрқашан құрметке лайық. Солардың бірі - «Қаражанбасмұнай» АҚ өндірісті автоматтандыру цехының бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика слесарі Рүстем Мұратов.

Оның өнегелі еңбек жолы осыдан 31 жыл бұрын басталған. Қызметке кіріскен шақтан өз ісіне жауапкершілікпен қарап, техникалық тәртіп пен жұмыс мәдениетін жоғары деңгейде ұстанды. Тәжірибесін толықтырып, мамандығының жілігін шағып, майын ішкен Рүстем үзеңгілестеріне үлгі болып, өзінен кейінгі жас буынға білгені мен түйгенін үйретіп-көрсетуден жалыққан емес. Әріптестері оны жұмысына адалдығы мен сабырлы мінезі, еңбекқорлығы және ұжымшыл қасиеті үшін ерекше қадірлейді.

Тынымсыз еңбекте тұрақтылық танытып, өмірінің қайнаған шағын вахтада өткерген маман қызмет белесін абыроймен аяқтады. Цех басшылығы мен ұжымы еңбек адамына алғыс айтып, құрмет көрсетті. Рүстем Мұратов та әріптестерге жылы лебізін білдіріп, ақ бата берді. Сондай-ақ ол білімді де бәсекеге қабілетті жұмысшылар барда компанияның болашағы зор екеніне сенетінін жеткізді.



## Қаражанбас – білікті мамандар ұстаханасы

«Қаражанбасмұнай» АҚ пайдалану жабдықтарын икемдеу-жөндеу цехының дәнекерлеушісі Серікқали Сабиев еңбек белесін абыроймен бағындырып, зейнет демалысына шықты. Ол Қаражанбас кен орнында ширек ғасыр қалтқысыз қызмет етіп, өлке өндірісінде өз қолтаңбасын қалдырған жұмысшы.

Дәнекерлеуші мамандығы – мұнай өндірісіндегі ең жауапты, аса дәлдік пен тәжірибені талап ететін кәсіптің бірі. Темірден түйін түйген Серікқали жұмыста ұқыптылық пен қауіпсіздікті бірінші орынға қояды. Себебі ол қолынан шыққан әр бұйым, әр құбыр мен қондырғының үздіксіз жұмыс істеуіне аса жауапкершілікпен қарайды.

Кейіпкеріміз қандай қиын сәт болмасын,

жұмыс орнын тастамай, өндірістің тоқтап қалмауы үшін тынымсыз еңбек етті. Сабырлы да еңбекқор маман цехтағы әріптестері арасында әрдайым сыйлы. Ол жас мамандарға білмегенін үйретіп, үзеңгілестеріне үлгі болудан жалыққан емес.

Білікті маман болу – талпыныс, ізденіс пен мол еңбектің жемісі. Серікқали Сабиевтің 25 жылдық қызметі – осының айғағы. Зейнет демалысына қадам басқан дәнекерлеушіге ұжым ерекше құрмет көрсетіп, жылы лебізін білдірді. Соңғы вахтасын сәтті аяқтаған дәнекерлеуші ғұмырын тынымсыз еңбекпен өткеріп, маман ретінде шыңдаған Қаражанбасқа алғысын жеткізді.



## Кадр маманы құрметті демалысқа шықты



«Қаражанбасмұнай» АҚ персоналды басқару және еңбекақы төлеу департаменті ұжымы кадр маманы Амангүл Байзулаеваны зейнет демалысына шығарып салды. Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Жасұланбек Таңатов компания дамуына зор еңбек сіңірген маманға адал қызметі үшін алғыс айтып, құрмет көрсетті.

Амангүл Байзулаева он үш жыл бойы кен орнындағы персоналды басқару және жұмыс уақытын есептеу бөлімінің маманы ретінде кадр саясатының сапалы жүзеге асуына аянбай еңбек етті. Ол кәсіби білік-



тілігімен, еңбекқорлығымен және адамгершілік қасиетімен үзеңгілестеріне үлгі болып, жастарға қызметте оң бағыт көрсеткен тәлімгер.

«Біз берілген тапсырмаға мұқият қарап, өз ісін асқан сүйіспеншілікпен орындайтын әр қызметкерімізді қадірлейміз. Сіз солардың бірі әрі бірегейісіз. Енді қызмет белесін абыроймен еңсеріп, өміріңіздің жаңа белесіне қадам басқалы отырсыз. Бұл да бағалай білген жан үшін нағыз бақыт пен берекеге толы кезең. Құрметті демалысыңыздың әр күні мағыналы да мәнді өтуіне тілектеспіз!», - деді Ж.Таңатов.

Компанияның кадр қызметі – қарбалас жұмыс пен нағыз маман ретінде шыңдалатын қайнаған еңбек ордасы. Департамент ұжымы зейнетке шыққан әріптесіне жылы лебізін арнап, жұмыс барысындағы естеліктерді еске түсірді. Амангүл Байзулаева да баршаға алғыс айтып, Қаражанбаста өткен әр жұмыс күні көңіл күнделігінде алтын әріппен мәңгіге таңаланатынын жеткізді.



## ҚБМ футболшылары күзгі біріншілікте күміс жүлде алды

«Қаражанбасмұнай» АҚ орталық аппарат қызметкерлері экологиялық мәдениетті арттыру және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған облыстық «Таза жағалау» экоакциясына қатысып, кәрі Каспий жағалауын күл-қоқыстан тазартты.

Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші, компанияның 20-дан астам қызметкері «МАЭК» су төгу каналы жағалауындағы түрлі полиэтилен пакеттері мен қатты және пластикалық қалдықтарды жинады. Нәтижесінде 15 қап қоқыс қапшығы арнайы техникаға тиеліп, қоқыс полигонына жөнелтілді.

Каспий теңізі Ақтау қаласының ең басты байлықтарының бірі. Ал, оны таза ұстау әрбір тұрғынның борышы. Осы ұранды ұстанған компания қызметкерлері алдағы уақытта да осындай игі шараларға белсене қатысуды жоспарлап отыр.



### Қараша айындағы мерейтой иелерін құттықтаймыз!

#### 60 ЖАС

- 02.11.1965 жыл, Жұмабаев Мейрам Тынышбекұлы, N°1 автотізбек жүргізушісі
- 08.11.1965 жыл, Мырзашов Асылбек Қаражанұлы, Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы инженері
- 11.11.1965 жыл, Шманов Аманғали Шаймерденұлы, N°1 МӨЦ операторы
- 11.11.1965 жыл, Атантаева Айнагүл Мөрліханқызы, ЖжСҚЦ операторы
- 20.11.1965 жыл, Набиев Махмуд Оңайбайұлы, N°5 автотізбек жүргізушісі
- 30.11.1965 жыл, Құлманов Мәмбетнияз Бүргенбайұлы, БӨЦ машинисі

#### 50 ЖАС

- 02.11.1975 жыл, Изғали Мұханбетжан Изғалиұлы, N°4 автотізбек арқан ілдірушісі
- 04.11.1975 жыл, Маматова Айгүл Ермекқызы, Сатып алу бөлімінің аға инженері
- 14.11.1975 жыл, Худайберген Алишер Тұрғанбайұлы, ЖжСҚЦ слесарь-сантехнигі
- 21.11.1975 жыл, Бейбітов Қыдырбай Изгіұлы, N°1 МӨЦ операторы
- 22.11.1975 жыл, Сембаев Аймұрат Қуанғалиұлы, N°1 ҰЖКЖЦ бұрғышы көмекшісі
- 25.11.1975 жыл, Әлібеков Пернеш Назруллаұлы, N°5 автотізбек жүргізушісі
- 27.11.1975 жыл, Бекімбетов Инияд Мәмбетмұратұлы, N°2 автотізбек жүргізушісі
- 27.11.1975 жыл, Нығыметов Ақболат Ғалымжанұлы, N°1 ҰЖКЖЦ шебері
- 29.11.1975 жыл, Шорабеков Бақтығали Жылқыбайұлы, N°7 автотізбек жүргізушісі
- 30.11.1975 жыл, Абдраманова Қарлығаш Әбдісәлімқызы, Қоршаған ортаны қорғау аға инженері
- 30.11.1975 жыл, Ергалиева Үзілдік Смағилақызы, Газ цехының тауартанушысы

#### Құрметті мерейтой иелері!

Жеміс берің тер төккен еңбектің,  
Бақыт болсын әрдайым көргенің.  
Еңбекпен мерейіңіз таси берің,  
Артылып абыроймен беделіңіз!



# QARAJANBAS

«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ  
КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ

Шығарушы:  
«Қаражанбасмұнай» АҚ

Мекен-жайы:  
130000 Қазақстан Республикасы, Ақтау қаласы, 9 «а» шағын аудан, 4 ғимарат

Шығарылымға жауаптылар:

Себасов М.Б. – Әлеуметтік жұмыс департаменті  
Директорының орынбасары  
Телефон: 8 (7292) 473871  
E-mail: M\_Sebasov@kbm.kz

Түзелбай А.А. – баспасөз хатшы  
Телефон: 8 (7292) 473072  
E-mail: A\_Tuzelbay@kbm.kz

Исаев А.Р. – журналист  
Телефон: 8 (7292) 473002  
E-mail: A\_Issayev@kbm.kz

Газет ҚР ИЖДМ 11.12.15 тіркеліп,  
N°15740-Г куәлігі берілген

Газет ай сайын шығады.  
Таралымы 1000 дана.

Газет «АТИС» ЖШС  
баспаханасынан шықты.

Мекен-жайы:  
130000, Қазақстан Республикасы,  
Ақтау қаласы, 17 шағын аудан,  
«Дукат» ТҮК, 3 кеңсе  
Телефон: 8 (7292) 525 500